ÓMIRZAQ SULTANǴAZIN ATYNDAǴY
QOSTANAI MEMLEKETTIK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI
QOSTANAI OBLYSY ÁKIMDIGINIŃ BILIM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGIKALYQ SHEBERLIK ORTALYǴY» FILIALY

Sultangazin University

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ÓMIRZAQ SULTANǴAZIN ATYNDAǴY
QOSTANAI MEMLEKETTIK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETINIŃ
80 JYLDYǴYNA ARNALǴAN ALTYNSARIN OQÝLARY

# «Bilim berý praktıkasy sapasyn joǵarylatýdyń ózekti máseleleri»

atty halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferensıasynyń

# MATERIALDARY

I KITAP





I КНИГА

# МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

# «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики»

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

**ӘОЖ 37.0 (063)**
**КБЖ 74.00**
**Б 94**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**
**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы,** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович,** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна,** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна,** педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна,** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай,** филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетнің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетініңпедагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенулы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетініңпедагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94** **БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**
**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019
©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

5. Статья Главы государства Н.Назарбаева «Семь граней Великой степи». 21 ноября 2018 г. [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi

# «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАҒЫТТАРЫ

Бейбиткызы Гулдари,
Қостанай ауданы әкімдігінің білім бөлімінің
«Озерный негізгі мектебі» ММ қазақ тілі мұғалімі

**_Аннотация_**

*Мақалада қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар және белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат , адами қадір-қасиеті туралы айтылады. Ол тәрбие мен білім беруге байланысты өзекті бағыттар жайлы баяндалады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көтерілген мәселелерді айта келіп, заманауи білім берудің өзекті бағыттарын көрсетеді. Жүйелі түрде жұмыс жасау арқылы білім саласында жаңғырту ісін жүзеге асыруға болатынын баяндайды. Жұмыста жүйелі түрде барлық бағыттар мазмұнды ашылып, заманауи білім берудің көздерін ұсынады. Ұстаздың құнды мақала жұмысы білім саласында жұмыс жасайтын мұғалімдерге де арналған . Мақалада білім саласының жүрегі мұғалімдер туралы да сөз болады. Махатма Ганди айтқандай: «Егер сен әлемнің өзгергенін қаласаң,өзің де сол өзгеріс бол» -дейді. Бұл мақалада сананы жаңғырту,ұлттық болмыс, ұлттық сана-сезімді жаңғырту жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселелер туралы баяндалады. Болашақта ұлттың табысты болуы үшін оның табиғи байлығы емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс екендігі жайында айтылған.*

**_Аннотация_**

*В статье, говоря простым языком, говорится о национальных ценностях и вещах, присущих определенной нации, гражданину нации, человеческом достоинстве. Он расскажет об актуальных направлениях воспитания и образования. В статье Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева «Взгляд в будущее: рухани жаңғыру» раскрывается многие проблемы и раскрывает актуальные направления современного образования. Говорится о возможности осуществления модернизации в сфере образования путем систематической работы.В работе систематически раскрываются все направления, раскрываются современные источники образования. Научная статья Учителя посвящена учителям, работающим в сфере образования. В статье речь идет и об учителях, сердце сферы образования. Как сказал Махатми Ганди: «Если ты захочешь, чтобы мир изменился, то сам будь изменением». В данной статье освещаются актуальные вопросы модернизации сознания, национального бытия, цели и интересы на пути модернизации национального самосознания. В будущем она определяется конкурентной способностью людей, а не природным богатством для успешного нации. О том, что наши организации образования, осуществляющие подготовку специалистов, осуществляющих образование и воспитание для будущих членов общества, должны соответствовать тем направлениям, которые предусмотрены главой государства.*

**_Abstract_**

*In the article, in a mere sense, national values and a particular nationality are characterized by nationality and human dignity.It is about current trends in education and upbringing. Speaking about the issues raised in the article of the President of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Abishevich Nazarbayev, in the article "Orientation to the Future: Spiritual Rebirth", he presents actual trends in contemporary education.*

*He regularly explains that modernization in education can be done by working regularly systematically. At this work all the directions are regularly opened and present the sources of modern education. The teacher's valuable article work is also intended for the teachers working in the field of*

*education. It also mentions about the teachers who are the heart of the education. Mahatma Gandhi said "If you want the world to change, then you change yourself first".*

*In this article it is said about topical issues of consciousness, national identity, goals of modernization of national consciousness.For a nation to succeed in the future, it is determined not by its natural wealth but by the competitiveness of people.It is said that our educational organizations that train future members of the society in education and upbringing should be worthy of the destinations set by the Head of the State has.*

***Түйінді сөздер**: рухани қазынаны жаңғырту, ұлттық құндылықтар,сапалы білім, үміт артқан жастар, тарихи мүмкіндіктер, жаңа талап, технологияны меңгеру, жаңаша қызмет атқару, абыройын асыру.*

***Ключевые слова:** модернизация духовной сокровищницы, национальные ценности, качественное образование,молодежь с надеждой, исторические возможности, новые требования, освоение технологии, деятельность по-новому, утвердить достоинства.*

***Keywords:** spiritual treasures, national values, quality education, youths hoping, historical opportunities, new requirements, technology acquisition, innovation and reputation.*

Қазақ халқы ежелден рухани бай, салт –дәстүріміз бен мәдени мұрамызға, баға жетпес құндылықтарымызға бай халық. Еліміздің етек жеңін жиып, дербес, тәуелсіз ел болып кемелденуінің өзі де біздің бірлігіміздің баға жетпес құндылығымыздың жоғары дәрежеде екендігінен байқауға болады. Әрине осы жолда елбасымыздың еңбегі орасан зор десем қателеспеспін. Себебі ата-бабамыздан бері сақталып келе жатқан дәстүрімізді, рухани қазынамызды қайта түлетіп, жаңғырту, тозығы шыққан дәстүрді емес, талғамы биік дүниемен толықтыру мына біздің де міндетіміз деп білемін.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материялдық құндылықтар.Ол тәрбие мен білім беруге бағытталған өзекті мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дегенмен де ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Иә бәрімiздің де жүрегіміздің түбінде елімізге деген адалдық, өшпес махаббат, жылы мейірім, өз бойымызға ана сүтімен дарыған асыл қасиеттер жатыр. Рухани жаңғыру және білім беру ісі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы еліміз үшін маңызы зор бағдарламалық еңбегінде бірқатар маңызды міндеттерге, қазақ халқының келешегін кемелдендіруге қатысты маңызды мәселелерге баса назар аударды. Мұнда ол біздің басты мақсатымыз дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін ой санамыз күнделікті өмір талабына сай рухани тұрғыда жаңғырып отыруы қажет екенін баса айтты. Бұл бағдарлама ұлттық бірегейлікті сақтауға, сапалы білім салтанат құруын, мақсат – міндеттерді айқындап келген осы мақалада рухани жаңғырудың алғышарттары болатын нақты іс-шаралар көрсетілген. Еліміздің болашағына үміт артқан жастарымызға білім мен ғылымға баса назар аударылып отыр. Елбасымыз «Білімнің салтанат құруы- білімді бәрінен жоғары қоятын ұлт қана табысқа жете алады » деп айтқан. Елбасымыздың осы бағдарламасы жариялағаннан кейін, білім ордамызда рухани жаңғыруымызға байланысты оқушыларымыздың бойына патриоттық сезімді ұялату, Отанға деген құрметін арттыру мақсатында көптеген патриоттық іс-шаралар өткіздік. Атап айтсақ:

«Мен -өз елімнің патриотымын», «Елін сүйген, елі сүйген – Елбасы», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру», «Елбасым-Мақтанышым», «Елбасы жолы», «Желтоқсан құрбандарын еске алу» сияқты сыныптан тыс іс-шаралар және сынып сағаттары ұйымдастырылды. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі» деп орынды ескертеді. Қазіргі таңда білім ошақтарында жас өрендеріміз жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алуда. Сонымен қатар жолдауда айтқандай рухани жаңғыруымыздың тағы бір дәлелі латын қарпіне көшу. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында біздің мектепте оқушыларымыз бен ұстаздарымызға латын қарпін үйрету мақсатында қазақ тілі мұғалімдері өз жауапкершілігіне алып, бағдарлама құрылып, айына екі рет үйрену сабақтары жүргізілуде. Ең қуантарлықтай жағдай бұл мәселеге үлкендеріміз қорқынышпен қарайласа, жас буын өрендеріміз, оқушыларымыз белсенділік танытуда, әрі латын қарпін үйренуіне қызығушылықтары артуда. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұны күнделікті өмір тәжірибесі көрсетіп келеді. Елбасы Н.Назарбаев айтпақшы: «Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс... Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр» - дейді.

Әрине, қазіргі таңда заманауи білім берудің өзекті бағыттары...

Елімізде соңғы уақытта білім берудің жаңа жүйесі жаңартылған білім мазмұны жасалып, мұғалімдерге де жаңа талап қойылуда. Елбасы әр жылғы халыққа жолдауында болсын, басқа да еңбектерінде, сөйлеген сөздерінде де айтылған ұтымды ойлары жаңа қырынан дамып келеді. Елбасы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу саналы ұрпақ тәрбиелеп шығару, мұғалімдердің ерен еңбегі, үлкен сабырлылықты талап ететін жұмыс деп бағалады. Әрине бүгінгі таңда заманауи білім берудің өзекті бағыттары- оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жаңартып, жетілдіріп отыру, жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Әр сабақ барысында өзім осы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданамын, әрі оқушыларымыздың сабаққа деген ынтасы артып қызығушылықтары оянды. Заманауи білім берудің өзекті бағыттарының бірі- адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану; жас ұрпақтың функционалдық сауаттылығын арттыру; оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын қалыптастыру; көптілді тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осы бағытта мен өзім«Көркем шығарманы оқытудың әдіс-тәсілдері», «Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту» атты әдістемелік құралдарын жасадым. Және осы әдістемелік құралды әріптестеріммен де бөлісіп, тәжірибе алмасып отырамын. Қазіргі әлемдік білім беру саласында жас ұрпақтың санасына әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға , көптүрлі мәдениет пен салт –дәстүрді құрметтеуге адамгершілік қызығушылығын оятуға, жас ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін дамытуға баса назар аударып отыр.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең- ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық-коммуникативтік технологиялар педагогтер қызметінің барлық салаларынан көрініп, оның табиғи ортасынан өз орнын алды.

Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Елімізде әлеуметтік – экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. « Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс

Мемлекет пен ұлт бір орнында тұрмайтын, үнемі жылжып, алға қадам басып дамып отырады. Ол өмір сүру үшін заманға сай саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық өзгерістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Екі ғасыр тоғысқан алмағайып заманда Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің зор мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс –біздің дамуымыздың ең басты мақсаты.Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған иланбағандар тарихтың көлеңкесінде көміліп қала береді.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшыкерек емес. Оған тек жүрек пен білім , талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып , мерейін үстем етер, әлем таңғалар , талай-талай жаңалық ашар білімділер көбейе берсін!!

Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын , бүгінімізді ертеңіне жалғайтын , қазақ елінің ертеңі , болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. “Сен де бір кірпіш дүниеге , Кетігін тап та бар қалан!”- деп Ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен мақаламды аяқтаймын.

Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз жарқын болсын!!

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017 11.01.
2. Жастарды патриотизмге тәлбиелеу - мұғалімнің басты міндеті// Қазақстан орта мектебі-2005-№9
3. Патриоттық тәрбие және Бауыржан Момышұлы// Қазақстан мектебі. – 2006. №3 – 63-70 б.


## СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В РК В КОНТЕКСТЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»


Бекбосынова Нурзипа Сартаевна,
биология пәні мұғалімі «ФМН.НЗМ»,
Қостанай қ.



***Аннотация***

*Өзектілігі.Қазіргі заманда оқытудағы ұлттық жоспардың мақсаты, оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету, немесе функционалдық сауаттылықты дамыту болып табылады. Ал практикалық жұмыстар болса, функционалдық сауаттылықты дамытудың әдіс - тәсілдерінің бірі болып табылады, себебі теориялық білімдерін практика жүзінде орындап, бекітеді..*

*Мақсаты. Биология сабағында практикалық жұмыстар 10 сынып оқушыларының тақырыптарды игеруіне қаншалықты әсер ететінін анықтау.*

***Аннотация***

*Актуальность. Целью государственного развития в современном образовании является эффективное использование теоретических знаний в повседневной жизни, или развитие функциональной грамотности. При этом, практическая работа, является одной из форм учебной деятельности способствующей формированию и развитию вышеуказанных навыков, поскольку закрепляет теоретические знания и направляет к новым исследованиям.*

*Цель. Определить влияние практической работы на усвоение учащимися 10-х классов цели обучения.*

***Abstract***

Relevance: *The goal of government development in modern education is the effective use of theoretical knowledge in everyday life, or development of functional literacy. At the same time, practical work is one of the forms of educational activities that promotes the formation and development of these skills needed in everyday lifer, as it consolidates theoretical knowledge and leads to new research.*

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР
### ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

*Әбіл Е. А.,* Университеты и их влияние на развитие регионов.............................................. 3
*Бережнова Е. В.,* Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования............................................................................................................................ 6
*Оспанов С.,* «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.............................................. 10
*Онищенко Е.А.,* Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей................................... 13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ
### В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНГЫРУ»

*Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К.,* Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі..... 16
*Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С.,* «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі........................................................................... 19
*Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б.,* Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.................................................................................. 22
*Алгожина Т. Ш., Искакова А. К.,* Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол............................................................................................................................ 25
*Альмагамбетова З. А.,* Роль классного руководителя во внедрении современных тендеций образования программы «рухани жаңғыру»................................................. 28
*Арсаева С. Б., Исакова Ш. С.,* Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы........................................................................................ 30
*Артёмова Е. М.,* Роль методологии как концептульной основы модернизации образования в рк в контексте «рухани жаңғыру»........................................................ 35
*Ахметов Т. А.* Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.................................................. 40
*Балғабаева Г. З., Байжанова С. А.,* «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.................................................................... 43
*Балжанова А. М.,* К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи..................................................................................................................... 46
*Бейбиткызы Г.,* «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.................................................................................................... 50
*Бекбосынова Н. С.,* Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру»..................................................................................................................... 53
*Бектурганова Р. Ч.,* К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.................................................................................................................. 58